



ULTTYQ TESTILEY ORTALYGY

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ-2026

Астана

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ - 2026

«Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны»

(ҚР «Білім туралы» Заңы, 1 б., 56 т.)

- ✓ Түсушілер тестілеуге ҰТО сайты арқылы онлайн режимде тіркеле алады;
- ✓ Түсушілер тестілеу пунктін, күнін және уақытын өз бетінше таңдай алады;
- ✓ ҰБТ "1 тестіленуші – 1 компьютер – 2 камера" қағидаты бойынша электрондық форматта өткізіледі;
- ✓ Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары қолданылады;
- ✓ Тестілеу нәтижесі тестілеу аяқталғаннан кейін бірден беріледі;
- ✓ Техникалық себептер бойынша өтініштер тестілеу барысында беріледі;
- ✓ Тестілеу мазмұны бойынша апелляцияға өтініштер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі;
- ✓ Апелляциядан бас тартқан жағдайда түсуші РАК отырысы басталғанға дейін өзінің жеке кабинетінде апелляцияға берген өтінішін кері қайтара алады.

ҰБТ МЕРЗІМІ



ҰБТ МЕРЗІМІ	
Өтініш беру мерзімдері	Тестілеу мерзімдері
20 - 30 желтоқсан	10 қаңтар - 10 ақпан
15 - 25 ақпан	1 наурыз – 6 сәуір
10 - 25 сәуір	10 мамыр - 10 шілде
25 шілде – 5 тамыз	10 - 20 тамыз

Тестілеу құны – 5 640 теңге
Ағымдағы жылғы мектеп бітірушілер үшін ҰБТ 10 мамыр - 10 шілде аралығында (2 мүмкіндікті есептегенде) тегін өткізіледі.

Тестілеуге қатысушылар

10 Қаңтар – 10 ақпан

- мектептің 11 (12) сынып оқушылары;
- мектептің өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері (толық оқу мерзімі);
- ЖОО-ға академиялық кезеңге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған);
- ЖОО-да шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары (БББ) тобының студенттері және басқа БББ тобына ауысуға ниет білдірген студенттер;
- ЖОО-да басқа БББ тобында оқып, педагогикалық БББ тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар.

1 наурыз – 6 сәуір

- мектептің 11 (12) сынып оқушылары;
- мектептің өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері (толық оқу мерзімі);
- шетелде білім алған мектеп бітірушілері;
- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар (толық оқу мерзімі);
- ЖОО-ға академиялық кезеңге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған).

10 мамыр – 10 шілде

- мектептің ағымдағы жылғы бітірушілері;
- мектептің өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері (толық және қысқартылған оқу мерзімі);
- шетелде білім алған мектеп бітірушілері;
- ҚР азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар (толық және қысқартылған оқу мерзімі);
- ЖОО-ға академиялық кезеңге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған).

10 – 20 тамыз

- мектептің ағымдағы жылғы бітірушілері;
- мектептің өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері (толық оқу мерзімі);
- шетелде білім алған мектеп бітірушілері;
- ҚР азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар (толық оқу мерзімі);
- ЖОО-ға академиялық кезеңге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған);
- ЖОО-да шығармашылық дайындықты талап ететін БББ тобының студенттері және басқа БББ тобына ауысуға ниет білдірген студенттер;
- ЖОО-да басқа БББ тобында оқып, педагогикалық БББ тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар


ҰТО САЙТЫ ЖӘНЕ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША АРҚЫЛЫ ҰБТ-ҒА ӨТІНІШ БЕРУ

1



АВТОРИЗАЦИЯДАН ӨТУ және жеке кабинетін ашу (электронды поштаның және ЖСН көмегімен <https://app.testcenter.kz/> жүйесінде тіркелу)

2



Дербес деректерді өңдеуге КЕЛІСІМІН БЕРУ және тестілеу кезінде тәртіп сақтау ережелерімен ТАНЫСУ

3



ДЕРЕКТЕР Ұлттық білім беру деректер қорынан (ҰББДҚ (НОБД))-дан алынады. Өтініш берушілер ЖСН көрсеткен кезде Т.А.Ә., ұлты, азаматтығы, оқу орны ҰББДҚ-дан таңдалады

4



ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР (өтініш берушілер ұялы телефон нөмірлерін, халықаралық сертификаттар бойынша деректерді (бар болса), мүгедектігі туралы деректерді (бар болса) толтырады)

5




ТЕСТІЛЕУ ДЕРЕКТЕРІ (өтініш берушілер тестілеу тапсыру тілін, бейіндік пәндерді, тестілеу тапсыру орындары мен уақытын таңдайды)

6



ТӨЛЕМ: тестілеу құны - 5640 теңге (төлем 1 сағаттың ішінде жасалуы тиіс, Halyk Bank немесе Kaspi Bank қосымшалары арқылы)

7



Барлық мәліметтер өтініш берушінің жеке кабинетінде тіркелу аяқталғаннан кейін қолжетімді болады

Өтініштерді қабылдау ҰТО сайтындағы жеке кабинет арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады

Тестіленушінің назарына:


- * тіркелуден бұрын **Ереже** және **нұсқаулықпен танысу**;
- * өтініш берген соң жеке кабинеттің **логин** және **құпия сөзді сақтап алу**.

Ескерту: мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) мүгедектікті белгілеу туралы құжаты бар болған жағдайда құжатты ҰБТ-ға өтініш беру бағдарламалық жасақтамасына жүктейді және көмекшінің қажеттілігі туралы ақпаратты белгілейді.

ЛОГИН НЕМЕСЕ ҚҰПИЯ СӨЗДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Тестіленуші app.testcenter.kz сайтына кіру логині немесе құпия сөзін ұмытып қалған жағдайда, келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. AppStore немесе PlayMarket-тен UTO.KZ қосымшасын жүктеу;
- 2 . Бірден «Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?» деген батырманы басу;
- 3 . «Face ID арқылы құпия сөзді қалпына келтіру» батырмасын таңдау;
- 4 . ЖСН жазу;
5. Идентификациядан өту;
- 6 . Жаңа құпия сөз құрастыру;
- 7 . «Кіру» бөліміне өту, ЖСН, телефон нөмір және жаңа құпия сөзді теру. «Кіру» батырмасын басу.



Ескерту: бірінші рет тіркеліп отырған тестіленушілерге жасаудың қажеті жоқ!

ТЕСТІЛЕУГЕ КІРГІЗУ



- АТО-ға тестіленушілер бір-бірден жіберіледі,
- жеке басы бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы (**Face ID**) және жеке басын куәландыратын құжат негізінде сәйкестендіріліп кіргізіледі.

Өзімен бірге болуы тиіс:

- жеке басын куәландыратын құжат ;
- 16 жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ тестіленушілердің білім беру ұйымының бірінші басшысының (директорының) қолымен және мөрімен расталған білім беру ұйымынан АНЫҚТАМА (фотосуретпен) мен туу туралы куәлігі болуы тиіс.



- Тестілеу барысында өз орнына "бөтен тұлғаны" кіргізуге талпынған тестіленушілерге ағымдағы жылғы ҰБТ тапсыруға рұқсат етілмейді

- Металл іздегішпен тексеру аймағында және тестілеу барысында тыйым салынған заттар табылған жағдайда тиісті акт жасалады және түсуші тестілеуден шеттетіледі

АНЫҚТАМА ҮЛГІСІ

Ұлттық бірыңғай тестілеуді
өткізу және "Ұлттық бірыңғай
тестілеу тапсырғаны туралы
сертификат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
4-қосымша

Анықтама

Күні:

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Сериясы

Туу туралы куәлікті ұсынушы

Сурет

МО

"__" ____ жылы № ____ берілді

оқиды немесе орта білім туралы аттестат берілді

(білім беру ұйымының атауы)

Білім беру ұйымының басшысы

қолы

жылы.

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Ұлттық бірыңғай тестілеу өткізу пунктіне ұсыну үшін берілді

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015173>

Анықтама үлгісі Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы
2 мамырдағы
№ 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық
бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларының»
7-1-қосымшасында көрсетілген.

ҰБТ-ДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР



Тестіленушіге рұқсат етілмейді

- ✓ аудиториядан (компьютерлік сыныптан) тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз 10 минуттан артық шығуға;
- ✓ сөйлесуге, орын ауыстыруға;
- ✓ құжаттармен, кез келген тыйым салынған заттармен және түсушіге жұмыс үшін берілген А4 форматындағы парағымен алмасуға;
- ✓ тестілеу материалдарын, құжаттарды және тест тапсырмаларымен жұмыс үшін берілген А4 форматындағы парақты аудиториядан (компьютерлік сыныптан) алып шығуға, бүлдіруге;
- ✓ аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) тыйым салынған заттарды: фотоаппарат, ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, смарт көзілдірік, фитнес білезіктер (трекерлер), диктофон, сымды және сымсыз құлаққаптар, микроқұлаққаптар, сымсыз бейнекамераларды, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларды, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерді, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), сондай-ақ шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, барлық түрдегі және нысандағы қағаздарды алып кіруіне және/немесе қолдануына;
- ✓ тестілеу алдында немесе тестілеу кезінде шулауға;
- ✓ тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;
- ✓ тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;
- ✓ тестілеу жүйесіне араласу әрекетіне және тестілеуден өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат етілмейді.

Бұл ретте тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі. Түсуші аудиториядан шыққан жағдайда аудиторияға қайта кірген кезде металл іздегішпен тексеріліп кіргізіледі.

ҰБТ ФОРМАТЫ

Қазақстан тарихы

Математикалық сауаттылық

Оқу сауаттылығы

20 тапсырма

Шекті балл: 5

10 тапсырма

Шекті балл: 3

10 тапсырма

Шекті балл: 3

1-таңдау пәні

40 тапсырма (50 балл)

Шекті балл: 5

2-таңдау пәні

40 тапсырма (50 балл)

Шекті балл: 5

Бір дұрыс жауапты
ТС

25 тапсырма

Контекстке негізделген
ТС

5 тапсырма

Сәйкестікті белгілеу
арқылы (2 балл)

5 тапсырма

Бір немесе бірнеше дұрыс
жауаптарды таңдау арқылы
(2 балл)


5 тапсырма

120 тапсырма = 140 балл

Тестілеудің жалпы уақыты: 4 сағат (240 минут)

Мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар үшін (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) ҰБТ пәндерінің тест тапсырмаларының нұсқалары схемасыз, кестесіз, суретсіз, картасыз қалыптастырылып беріледі.

ТЕСТІЛЕУДІҢ УАҚЫТЫ МЕН ҮЗІЛІСТЕР



Мүгедектігі бар балалар және мүгедектігі бар адамдар үшін (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) тестілеуге қосымша 40 минут уақыт беріледі.

АПЕЛЛЯЦИЯҒА ӨТІНІШ БЕРУ

ТЕХНИКАЛЫҚ СЕБЕПТЕР БОЙЫНША

Тестілеу уақытында беріледі


егер:

- ✓ тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) табылмаса



ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША

Тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі



Апелляция нәтижесі 30 жұмыс күні ішінде ұсынылады

Апелляцияға өтініш берген түсушілер үшін сертификат РАК шешімінен кейін қол жетімді болады

- Түсушінің жеке кабинетінде РАК отырысын өткізу мерзімдері туралы ақпарат көрсетіледі. Апелляциядан бас тартқан жағдайда түсуші РАК отырысы басталғанға дейін өзінің жеке кабинетінде апелляцияға берген өтінішін кері қайтара алады. Апелляция өтініші қайтарып алынғаннан кейін сертификат түсушінің жеке кабинетінде бір жұмыс күні ішінде қолжетімді болады;
- Барлық тест тапсырмаларының дәлелді негіздемесін (толық түсіндірме, тапсырмаларды кезең-кезеңмен шешу) көрсетпей, әрқайсысын қайта қарастыру көрсетілген апелляция өтініші қарастырылмайды.

2025 ЖЫЛҒЫ ҰБТ КЕЗІНДЕГІ ЕРЕЖЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Мерзімі	қаңтар-ақпан	наурыз	мамыр-шілде (2 мүмкіндікті есепке алғанда)	тамыз
Өтініштер саны	166 190	162 846	398 615	27 863
Қатысушылар саны	163 890	159 286	380 810	25 001

Кіргізу кезінде тестілеуге жіберілмегендер	101	85	326	37
Тестілеу кезінде нәтижесі жойылғандар	59	95	381	66
Тестілеуден кейін жойылғандар (бейнебақылау жазбаларын қарау бойынша)	37	55	5	0
БАРЛЫҒЫ:	197	235	712	103

Ескерту: 31 қазанға дейін түсушілердің бейнежазбалары мен тестілеу жүйесіндегі тіркеу файлдары (логтары) қаралады. Ереже бұзушылық анықталған жағдайда ҰБТ нәтижесі және білім беру гранты куәлігі жойылады.

БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ КОНКУРСЫ БОЙЫНША

ЕМТИХАН ТҮРІ	ӨТІНІШ БЕРУ МЕРЗІМІ	ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ	ӨТКІЗУ ОРНЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН	20 маусым - 10 тамыз	7 шілде - 15 тамыз	ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары
	1) 20 маусымнан 6 шілде; 2) 12-19 тамыз (ақылы негізде оқуға түсушілер үшін)	1) 7-15 шілде; 2) 20-23 тамыз (ақылы негізде оқуға түсушілер үшін)	Мәдениет саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы өздері таңдаған ЖЖОКБҰ-да
АРНАЙЫ ЕМТИХАН	20 маусым - 20 тамыз	20 маусым – 20 тамыз	«Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша ЖЖОКБҰ
КОНКУРС (республикалық бюджет)	13 шілде - 20 шілде	10 тамызға дейін	Өтінішті қабылдауды ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары немесе "eGov"үкіметтік порталы жүзеге асырады

- ҰБТ сертификатын тексеру certificate.testcenter.kz сайтында ЖСН мен ТЖК енгізу арқылы жүзеге асырылады
- Білім беру гранты куәліктерін тексеру grant.testcenter.kz сайт арқылы жүзеге асырылады

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ НЕМЕСЕ АҚЫЛЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ШЕКТІ БАЛЛ (толық оқу мерзіміне түсушілер үшін)



ӘР ЖЖОКБҰ ӨЗ ШЕКТІ БАЛЫН БЕЛГІЛЕЙ АЛАДЫ.

<https://testcenter.kz/ru/postupayushchim-v-vuz/vazhnaya-informatsiya-dlya-uchastiya-v-konkurse-prisuzhdeniya-obrazovatel'nogo-granta-2025-goda-/minimalnye-bally-ent-dlya-uchastiya-v-konkurse-po-prisuzhdeniyu-obrazovatel'nykh-grantov-2025-goda/>



Қазақстан тарихы және ҰБТ-ның екі бейіндік пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл, оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша кемінде 3 балл.

ҰБТ БАЛЫНА АУЫСТЫРЫЛАТЫН ТЕСТ СЕРТИФИКАТТАРЫ

Сертификат	ҰБТ балына ауыстыру үшін шектік деңгей	ҰБТ пәндеріне ауыстырылатын пәндер	Ескерту
Сертификат КАЗТЕСТ	C1-ден бастап B1-ден (орта) төмен емес деңгей	«Қазақ тілі» бейіндік пән немесе арнайы пән	Конвертация тестіленушінің жеке кабинетінде жүзеге асырылады
Сертификат SAT reasoning	Ең төменгі балы 1600-ден 950 балдан кем емес	Оқу сауаттылығы , Математикалық сауаттылық	SAT, ACT, IB, A-Level халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар ҰБТ-ға өтініштерді қабылдау жүйесінде өтініш беруі және сертификаттың көшірмесін жүктеу қажет.
Сертификат SAT reasoning және SAT subject	SAT reasoning - кемінде 950 балл (1600 балдан) SAT subject - 2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 625 балл (800 балдан)*	Оқу сауаттылығы, Математикалық сауаттылық, 2 бейіндік пән	
Сертификат ACT	Кемінде 19 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы, Математикалық сауаттылық , 2 бейіндік пән (биология, география, химия, физика сияқты бейіндік пәндер)	
Сертификат IB	Кемінде 3 балл (7 балдан)	Математикалық сауаттылық , 2 бейіндік пәндер	
Сертификат A Level	Кемінде U балл (A* балдан)	Математикалық сауаттылық , 2 бейіндік пәндер	
Сертификат IELTS	Кемінде 5.0 және одан жоғары	«Ағылшын тілі» бейіндік пән немесе арнайы пән	ҰБТ-ға және/немесе конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде жүйеде IELTS және TOEFL сертификаттары бойынша деректерді енгізу қажет.
Сертификат TOEFL	TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ) - кемінде 35-45 балл және одан жоғары	«Ағылшын тілі» бейіндік пән немесе арнайы пән	
	TOEFL itp (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – кемінде 433-459 балл және одан жоғары		

Ескерту: аталған сертификаттары бар адамдар пәндер бойынша шекті балдары болған жағдайда өз қалауы бойынша ҰБТ-дан босатылады;

**** Аталған мәліметтер қолданыстағы НҚА-ға сәйкес ұсынылған.**

Халықаралық тест сертификаттарының балдарын аудару шкаласы бойынша қосымша ақпаратпен <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650> сайтынан танысуға болады (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы)

Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) тест сертификаты

Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
	кемінде 1 050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
	кемінде 1 150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
	кемінде 1 250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) ең төменгі балы 1600-ден 950 балдан кем болмауы тиіс. SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) бөлімінің балдары жеткіліксіз болса, SAT балдары ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылмайды.

Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) тест сертификаты

Халықаралық стандартталған SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы.

SAT (ЭсЭйТи) халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрі	Балдар	Тест түрі	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
	кемінде 1050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
	кемінде 1150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
	кемінде 1250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	10 нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
SAT subject (ЭсЭйТи сабджект)	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 625 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 44
		2 бейіндік пән	50-ден 44
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 650 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 46
		2 бейіндік пән	50-ден 46
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 675 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 48
		2 бейіндік пән	50-ден 48
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 700 балл (800 балдан)*	1 бейіндік пән	50-ден 50
		2 бейіндік пән	50-ден 50

Ескерту: SAT subject балын ҰБТ дағы бейіндік пәндердің балына ауыстыру SAT subject иегерінің еркіменжәне балы 800-ден бастап ең төменгі 625 балдан кем болмаған жағдайда жүзеге ауыстырылады. SAT reasoning, SAT subject бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. SAT сертификатының иегері SAT subject бөлімінің балын ескермей, ҰБТ-ның бейіндік пәндерін тапсыруына болады.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест сертификаты

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тесті		ҰБТ	
Тест бөлімі	Балдар	Тест бөлімі	Балдар
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 19 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 7
		Математикалық сауаттылық	10-нан 7
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 21 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 8
		Математикалық сауаттылық	10-нан 8
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 23 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 9
		Математикалық сауаттылық	10-нан 9
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 26 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	10-нан 10
		Математикалық сауаттылық	10-нан 10
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде 19 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 44 50-ден 44
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 21 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 46 50-ден 46
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 23 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 48 50-ден 48
Science (Саинз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 26 балл* (36 балдан)	2 бейіндік пән	50-ден 50 50-ден 50

Ескерту: ҰБТ сертификатының балына ауыстыру үшін АСТ ең төменгі балы 36-ның 19 балдан кем болмауы тиіс. АСТ бөлімінің балдары жеткіліксіз болған жағдайда ҰБТ балына ауыстырылмайды. АСТ Science бөлімінің биология, география, химия, физика белгіленген шкалаға сәйкес ҰБТ пәндеріне ауыстырылады.

Халықаралық стандартталған IB (АйБи) және A Level (Э-Левел) тест сертификаттары

Халықаралық стандартталған IB (АйБи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	IB (АйБи) Пәндері	IB балдары	1	2	3	4	5	6	7
1	Математика/математикалық сауаттылық	ҰБТ балдары	3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: IB (АйБи) балдары ҰБТ балдарына Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда, және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат дипломы немесе сертификаты балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндері	ҰБТ балдары	A Level (Э-Левел)						
			U	E	D	C	B	A	A*
1	Математика/математика (математикалық сауаттылық)		3	5	6	7	8	9	10
2	Бейіндік пәндер		16	26	32	40	46	49	50

Ескерту: Халықаралық стандартталған тест сертификаттары SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел) балдарын ҰБТ балдарына жекелеген пәндер бойынша ауыстыру жасалмайды.

Халықаралық стандартталған IELTS (АЙЛТС), TOEFL тест сертификаттары

Халықаралық стандартталған тест IELTS (АЙЛТС) балдарын ҰБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	IELTS (АЙЛТС)	6.0 және одан жоғары	50	50
2		5.5	46	46
3		5.0	42	42

Халықаралық стандартталған тест TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL itp (ТОЙФЛ АЙТИПИ) балдарын ҰБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән)балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	Балдар	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ)	60 және одан жоғары	50	50
2		46-59	46	46
3		35-45	42	42
1	TOEFL itp (ТОЙФЛ АЙТИПИ)	498 және одан жоғары	50	50
2		460-497	46	46
3		433-459	42	42

ҚАЗТЕСТ сертификаты

ҚАЗТЕСТ сертификаты балын ҰБТ балына ауыстыру шкаласы (бейіндік пән/арнайы пән "Қазақ тілі")

Тест түрі	Деңгейі	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Қазақ тілі" арнайы пән бойынша балы
КАЗТЕСТ	C1	50	50
	B2	46	46
	B1	42	42

Қазақстандағы шетелдік университеттердің филиалдары

№	қала	Қазақстан университеті	Аталған елдің филиалы	Оқу орнының атауы	
1	Петропавл қ.	Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	АҚШ	University of Arizona	
2	Ақтөбе қ.	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	Ұлыбритания	Heriot-Watt University	
3	Алматы қ.	Қ.И.Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	Қытай	City University of Hong Kong	
4	Алматы қ.	Алматы қаласындағы Анхальт қолданбалы ғылымдар университетінің «Қазақстандағы Анхальт Халықаралық университеті» филиалы	Германия	Anhalt University of Applied Sciences	
5	Алматы қ.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	Өзбекстан	Ташкент ауыл шаруашылығын суару және механикаландыру инженерлері институты	
6	Алматы қ.	Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Абай атындағы	Франция	Université de Lorraine	
7	Астана қ.	Астана халықаралық университеті	Қытай	Beijing Language and Culture University	
8	Қызылорда қ.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	Оңтүстік Корея	Seoul National University of Science & Technology (Seoul Tech)	
9	Талдықорған	Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	Италия	Università Politecnica delle Marche	
10	Қостанай	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті	АҚШ	University of Minnesota Morris	

Шетелдік университет филиалына оқуға түсу сұрақтары бойынша аталған университеттің қабылдау комиссиясына хабарласу қажет

Қазақстандағы шетелдік университеттердің филиалдары

№	қала	Қазақстан университеті	Аталған елдің филиалы	Оқу орнының атауы	
11	Алматы қ.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	Ресей	МИФИ «Ұлттық ядролық зерттеу университеті»	
12	Атырау қ.	Сафи Өтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университеті	Ресей	И. М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті	
13	Тараз қ.	«Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің» Тараз қаласындағы филиалы	Ресей	Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті	
14	Астана қ.	М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы	Ресей	М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы	
15	Астана қ.	Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Ресей	Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты	
16	Астана қ.	«Cardiff University Kazakhstan» шетелдік оқу орны	Ұлыбритания	Cardiff University	
17	Астана қ.	«Coventry University Kazakhstan» шетелдік оқу орны	Ұлыбритания	Coventry University	
18	Алматы қ.	Университет Нархоз	Солтүстік Ирландия	Queen's University Belfast	
19	Ақтау	Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті	Германия	Technische Universität Berlin	
20	Байқоңыр	«Восход» Мәскеу авиациялық институтының филиалы	Ресей	Мәскеу авиациялық институты	

ЖЖОКБҰ-ҒА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША НОРМАТИВТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТ



Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015173>

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017650>

"Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033345>

"Ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы көзделген, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын жоғары білім мамандықтарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 19 мамырдағы № 229 бұйрығы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015235>

ҰБТ БЕЙІНДІК ПӘНДЕР КОМБИНАЦИЯЛАРЫ

Математика – Физика
Биология – Химия
Математика – Информатика
Қазақ тілі – Қазақ әдебиеті
Орыс тілі - Орыс әдебиеті
Шет тілі - Дүниежүзі тарихы
Биология – География
Математика – География
Дүниежүзі тарихы - Құқық негіздері
Дүниежүзі тарихы – География
География - Шет тілі
Химия – Физика
Шығармашылық емтихан - Шығармашылық емтихан

КОНКУРС БАРЫСЫНДАҒЫ КВОТАЛАР ТІЗІМІ

	Атауы	мөлшері (%)
1	Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар үшін	2 %
2	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін	0,2 %
3	Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін	35 %
4	Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін	4 %
5	Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін	1 %
6	Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін	3 %
7	Кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін	5%
8	Кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін	3%
9	Бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін	2%
10	Әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін	2,5%

ҚР ҒЖЖБ министрінің 26.07.2023 ж. № 357 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033174>

ҰБТ-ға дайындық мақсатында


Ұлттық тестілеу орталығының сайтында <https://testcenter.kz/ru/postupayushchim-v-vuz/ent/dlya-podgotovki-k-ent-i-ent-tipo/> тестілеуге қатысушыны қолдау мақсатында келесі материалдар ұсынылған:



Тест спецификациялары




ҰБТ-ға дайындалуға арналған оқулықтардың тізбесі;



Тест нұсқаларының үлгілері;



Дүниежүзілік тарих және Қазақстан тарихы бойынша ҰБТ-дағы тарихи күндер тізімі;



«Қазақ әдебиеті» және «Орыс әдебиеті» пәндері бойынша әдебиеттер тізімі;


Сонымен қатар, ҰТО байқау тестілеу өткізеді:

1. <https://prob-ent.testcenter.kz> сайты арқылы онлайн тегін байқау тестілеуі;
2. <https://app.testcenter.kz/profile/prob-test> сайты арқылы онлайн ақылы байқау тестілеуі;
3. Аймақтық тестілеу орталықтарында (АТО) офлайн тестілеу (байқау тестілеуге сайт арқылы тіркелу).

БАЙҚАУ ТЕСТІЛЕУ


01

<https://prob-ent.testcenter.kz>
сайты арқылы тегін
тапсыра алады.



02

<https://app.testcenter.kz/profile/prob-test>
сайты арқылы жеке
кабинетінен ақылы түрде
тапсыра алады.



В соответствии со ст. 393-397 Гражданского кодекса Республики Казахстан акционерная форма является формой организации хозяйственной деятельности, при которой участники вносят в уставный фонд организации денежные средства, имущество, технологии, права, а также иные виды вклада, и получают в результате акции, подтверждающие их долю в уставном фонде организации.

Публичная оферта
о заключении договора возмездного оказания услуг
пробного тестирования

1. Общие положения

1.1. Данный документ является публичной офертой РПТ на ПХВ «Национальный центр тестирования» МПВО РК (далее – «Исполнитель»), и содержит все существенные условия договора возмездного оказания услуг пробного тестирования (далее – «Договор»).


1.2. В случае принятия изложенных ниже условий Договора, физическое лицо (законный представитель лица), производящее акцент на оказание публичной оферты, становится Заказчиком (далее – «Заказчик»). Согласно статье 395 Гражданского Кодекса Республики Казахстан, настоящий документ признается публичной Офертой и лицо, принявшее изложенные в Оферте условия прохождения пробного тестирования и оплатившее услугу Исполнителю (акцент), признается Заказчиком.

1.3. Полным и безоговорочным акцептом настоящей публичной оферты (без исключения) является осуществление Заказчиком оплаты Исполнителю посредством портала онлайн регистрации app.testcenter.kz за вышеуказанные услуги. Совершение Акцепта Заказчиком означает, что Заказчик ознакомлен, согласен и принял все условия настоящего Договора. Заказчик дал согласие на сбор и обработку персональных данных посредством информационных систем в целях реализации настоящего Договора. Договор заключен и действует в электронной форме, заключение данного Договора признается к заключению Договора в письменной форме.

2. Предмет Договора

Тестіленуші жеке кабинетінде байқау тестілеуге қатысуға өтініш беру барысында Байқау тестілеу туралы танысу және келісім беру үшін Келісімшарт (байқау тестілеуінің құны мен төлеу тәртібі, тестіленушінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі туралы) ұсынылады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР



ULTTYQ TESTILEY ORTALYGY



www.testcenter.kz



uto@testcenter.kz



[testcenterkz](https://www.instagram.com/testcenterkz)



Ұлттық тестілеу орталығы